



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ИМПОРТТЫҚ БАҒАЛАРЫНЫҢ ҚҰБЫЛМАЛЫЛЫҒЫ

Департамент – Зерттеулер және талдама орталығы

Экономикалық зерттеу. №2022-6

Жұмыс мақаласы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) экономикалық зерттеулері мен талдамалық жазбалары ҚРҰБ зерттеулерінің, сондай-ақ ҚРҰБ қызметкерлерінің басқа да ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін таратуға арналған. Экономикалық зерттеулер пікірталастарды ынталандыру үшін таратылады.

ҚРҰБ қызметкерлерінің жұмыс мақалалары жарияланған күнгі жағдай бойынша аяқталмаған зерттеулерді көрсетеді және талқылауға, түсіндірмелер мен ескертулер алуға арналған. Оларды орналастырар алдында олар ҚРҰБ-да тексеруден немесе рецензиялаудан өтпейді. Мақалада келтірілген пікірлер мен пайымдаулар авторлардың пікірлерін білдіреді және ҚРҰБ-ның, оның басшылығының немесе Ақша-кредит саясаты комитеті мүшелерінің көзқарасын көрсететін ретінде қабылданбауы тиіс.

Қазақстанның экспорттық және импорттық бағаларының құбылмалылығы

2022 жылғы маусым

NBRK – WP – 2022 – 6

Қазақстанның экспорттық және импорттық бағаларының құбылмалылығы

Қанат Қожамқұлов¹

Сәбит Хәкімжанов²

Әлия Миллер³

Саида Ағамбаева⁴

Аннотация

Осы зерттеу шеңберінде Қазақстан Республикасындағы экспорттық және импорттық бағалардың құбылмалылығына әсер ететін, тауарлардың сыртқы сауда ағындарын тұрақсыздандыруға әкелетін факторларға талдау жүргізілді.

Экспорттық және импорттық баға индекстерін құру әдіснамасы әзірленді. Сыртқы сауда ағыны құнының динамикасы мынадай құрамдас бөліктерге бөлінді: баға индекстері және жеткізілімнің физикалық көлемінің индекстері. Жеткізілімдердің нақты көлем индексі және құндық көлем индексі АҚШ долларынан теңгеге қайта есептеу тұтынушылық бағалар индексімен (ТБИ) салыстыру үшін теңгемен сыртқы сауда бағаларының индексіні құруға мүмкіндік берді.

Сайып келгенде, қаржылық шығындарды қажет етпейтін жедел әкімшілендірумен сыртқы сауда бағаларының индекстері бойынша талдау құралдары іске асырылды. Бұл құрал сыртқы сауда бағасының трендтерін бағалауға мүмкіндік береді.

Негізгі сөздер: экспорттық және импорттық бағалардың құбылмалылығы, сыртқы сауда бағаларының индекстері, айырбастау бағамы, факторлық талдау, сауда талаптары, өңделген тауарлар, тұтынушылық тауарлар, инфляция.

JEL-сыныптау: C43, E31, F10.

¹ Қанат Қожамқұлов – автор-корреспондент, Департамент - зерттеулер және талдама орталығының экономикалық зерттеулер басқармасының бас маман-талдаушысы Kanat.K@nationalbank.kz

² Сәбит Хәкімжанов – ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының кеңесшісі

³ Әлия Миллер – зерттеу жүргізу сәтінде – Департамент - зерттеулер және талдама орталығының экономикалық зерттеулер басқармасының бастығы uataeva@mail.ru

⁴ Саида Ағамбаева – Департамент - зерттеулер және талдама орталығының директоры Agambayeva.S@nationalbank.kz

Мазмұны

1. Кіріспе.....	5
2. Жүргізілген жұмыс кезеңдері.....	6
3. Сыртқы сауда деректері бойынша құралдарды әзірлеу: жинау және біріктіру	7
3.1. Сыртқы сауда бойынша жаңа талдамалық құралдарды әзірлеу қажеттілігі.....	7
3.2. Жаңа икемді талдамалық құралдардың сипаттамасы	7
4. Сыртқы сауда бағалары индекстерінің модельдерін іске асыру: құру әдіснамасы.	9
4.1. Баға индекстерін құру әдіснамасы және формулаларды қолдану	9
4.2. Үзілістердегі бағаны бағалау деңгейі және аралық статистикасы.....	11
4.3. Бағаның күрделі өзгеруі.....	17
4.4. Баға индексін құру моделін таңдау.....	18
4.5. ҚР теледидар импортын талдау мысалымен баға индексін тексеру	20
4.6. ҚР мұздатылған сиыр етінің импортын талдауды мысалға ала отырып, баға индексін тексеру	26
5. Сыртқы сауда бағаларының индекстерін талдау.....	31
5.1. ҚР төлем балансының ағымдағы шотын талдау	31
5.2. ҚР экспорттық бағаларын талдау	34
5.3. ҚР импорттық бағаларын талдау	35
6. Қорытынды	42
Дереккөздер және әдебиет	44
Қосымшалар.....	45
1. 1995 жылғы қаңтар – 2021 жылғы тамыз аралығындағы кезеңде ҚР-да мұздатылған сиыр етінің импорты бойынша аралық статистикасы.....	45
2. 1995 жылғы қаңтар – 2021 жылғы тамыз аралығындағы кезең үшін ҚР барлық импорты бойынша СЭҚТН 6-белгісі деңгейіндегі аралығының статистикасы.....	47
3. 2019 жылғы қаңтар – 2021 жылғы тамыз аралығындағы кезең үшін елдер бойынша біріктірілмеген СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде ҚР барлық импорты бойынша аралық статистикасы ..	49

1. Кіріспе

Зерттеудің мақсаты – экспорттық және импорттық бағалардың құбылмалылығына әсер ететін және тауарлардың сыртқы сауда ағындарының тұрақсыздануына әкелетін факторларды талдау.

Қазақстанның экспортын әртараптандырудың төмен болуы ағымдағы шоттың осалдығын және энергия тасымалдағыштардың әлемдік бағаларының ауытқуларына тәуелділігін айқындады. Сонымен қатар сыртқы әсер ету факторларына биржалық тауарларға (металдар мен астыққа) сұраныс және өткізу нарықтарына қол жеткізу талаптары сияқты айнымалылар кіреді. Импорт ағыны сыртқы саудадағы теңгерімсіздікті күшейтіп, теңге бағамына қысым жасады, сыртқы инфляцияны сіңіріп, ішкі инфляцияны жеделдетті.

Мәселен, шикізат ресурстарына төмен бағалар кезеңінде мұнай секторы мен ірі инфрақұрылымдық жобалардың қымбат импорты бір сәтте сауда теңгерімін шиеленістіреді, ал кейіннен төлеуге арналған кірісті ұлғайтады.

Ұзақ пайдаланылатын тұтынушылық тауарлардың қымбаттап бара жатқан импорты инфляцияны күтуді арттыра отырып, жалақының барабар өсуі болмаған кезде борыштық жүктемені ұлғайтып, халықты бөліп-бөліп төлеуге және кредитке сатып алуға ынталандырады.

Қазақстан жағдайында экспорттық және импорттық бағалар индекстерінің арақатынасы ретінде есептелетін сауда талаптары елеулі дәрежеде мұнай бағасының динамикасымен айқындалады және шикізатқа жатпайтын экспорттың бағалық бәсекеге қабілеттілігін толық көлемде көрсетпейді.

Сонымен бірге, нысаналы тауар топтары, мысалы, қайта бөлінуі жоғары тауарлар (экспорт) және тұтынушылық тауарлар (импорт) бойынша сауда талаптары экономиканың нақты секторының өсуі және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін қолданыстағы талапты кеңінен ашуға мүмкіндік береді. Осы тәсілді қолдану сауда жағдайлары нашарлаған кезде өңдеуші салаларды мемлекеттік қолдау шаралары олардың ішкі нарықта, сол сияқты сыртқы нарықтарда да бағалық бәсекеге қабілетсіздігімен реттелетінін дәлелдейді. Бұл ретте валюталық ауытқулар дайын және тұтынушылық тауарлардың бағасында бірден көрінеді. Нәтижесінде бағаның құбылмалылығы осы тауарларды жеткізудің нақты көлемінің трендін белгілейді. Бұл ретте, тауарлардың осы тобын жеткізудің нақты көлемінің тренді, өз кезегінде, сыртқы сауда ағындарының құндық көлемінің динамикасымен байланысты.

Осы мәселелерді шешу үшін зерттеуде экспорттық және импорттық баға индекстерін құру әдіснамасы әзірленді. Мәселен, сыртқы сауда ағыны құнының динамикасы мынадай құрамдас бөліктерге бөлінеді: баға индекстері және жеткізілімнің нақты көлемінің индекстері. Сонымен бірге, жеткізілімдердің нақты көлем индексі және құндық көлем индексін АҚШ долларынан теңгеге қайта есептеу инфляциямен салыстыру үшін теңгемен сыртқы сауда бағаларының индексін құруға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижесі бойынша қаржылық шығындарды қажет етпейтін жедел әкімшілендірумен сыртқы сауда бағаларының индекстері бойынша талдау құралдары іске асырылды. Бұл құралдар сыртқы сауда бағасының трендтерін бағалауға мүмкіндік береді.

Осы зерттеудің құндылығы болып табылатын сыртқы сауда бағалары индексінің құралдары талдамалық материалдарды дайындауға және осы салада одан әрі зерттеулерді бастауға мүмкіндік береді. Бұл сараптамалық қоғамдастықтан кері байланыс алуға, пайдаланылған әдіснама бойынша құралдардың мүмкіндіктерін сынауға мүмкіндік береді және Қазақстанның сыртқы сауда мәселелері бойынша бірқатар мақалаларды жариялауға септігін тигізеді.

2. Жүргізілген жұмыс кезеңдері

Зерттеу жүргізудің **бірінші кезеңінде** деректерді жинау және біріктіру жүргізіліп, Қазақстан Ұлттық Банкінің Цифрландыру офисі мақұлдаған «Қазақстанның сыртқы саудасының дерекқор кубы: Ver 2.2021», *ҚР сыртқы саудасы бойынша жаңа икемді талдамалық құралдар әзірленді.*

«Қазақстанның сыртқы саудасының дерекқор кубы: Ver 2.2021» – бұл бар көрсеткіштер және біріктіру деңгейі жоғары туынды сыныптауыштар бойынша жиынтық кестелер құруға мүмкіндік беретін ҚР сыртқы сауда бойынша кеңейтілген дерекқорындағы сұратулар құралы.

Жаңа талдамалық құрал: а) 1995-2021 жылдардағы ҚР сыртқы саудасы бойынша ай сайынғы деректердің барынша қолжетімді базасын қамтиды; б) СЭҚТН 10-белгісінің деңгейіне дейін тауарларды терең нақтылау арқылы деректерді құрылымдауға мүмкіндік береді; с) деректерді БҰҰ КЭС-ке сәйкес [1] өңдеу дәрежесі бойынша сыныптауға мүмкіндік береді. Бұл сектордағы мәліметтер шикізат пен өңделген тауарларды қамтиды. Сондай-ақ, деректер ұлттық шоттар жүйесінің тауарлар сыныптары бойынша құрылымдалған және өндіріс құралдары, аралық тауарлар, тұтыну тауарлары сияқты санаттарды қамтиды. Бұл сектордағы мәліметтер шикізат пен өңделген тауарларды қамтиды. Деректер ұлттық шоттар жүйесінің тауарлар сыныптары бойынша құрылымдалған және өндіріс құралдары, аралық тауарлар, тұтынушылық тауарлар сияқты санаттарды да қамтиды. Сонымен қатар тауарлар Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішін (ЭҚЖЖ) сыныптау бойынша құрылымдалған.

Екінші кезеңде ХВҚ-ның «Export and Import Price Index Manual» (ХМПИ, 2009) [2] нұсқаулығының негізгі қағидаттарына негізделген *сыртқы сауда бағаларының индексын құру әдіснамасы әзірленіп, сипатталды.* Әдіснамалық жұмыстар шеңберінде:

1. Сыртқы сауда жеткізілімдерінің статистикалық қатарындағы алшақтықтар деңгейі талданып, *экспорт пен импорт бағаларының тізбекті индексын құру әдіснамасына сенім деңгейін анықтайтын* үздіксіз деректердің аралық статистикасы дайындалды;

2. 2, 5 және/немесе 10 есе көп немесе аз ай сайынғы долларлық бағалардың экстремалды өзгеруі бар сауда ағындары анықталды. Мұндай бағалардың экстремалды өзгеруі *статистикалық деректерді* сауда әріптес елдермен қатар салыстырып тексеруге негіз болады, бұл деректердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Үшінші кезеңде деректерді біріктірудің және кезеңді қамтудың әртүрлі деңгейлерінде *ҚР сыртқы сауда бағаларының ай сайынғы индекстерін құрудың екі моделі іске асырылды.*

Бірінші модель ай сайынғы көрсеткіштердің ең жоғары кезеңін қамтитын елдер бойынша біріктірілген деректердің СЭҚТН 6-белгісі деңгейінде іске асырылды. Мысал ретінде экспорт пен импорттың негізгі тауарлық санаттары бойынша баға индекстері жасалған;

Екінші модель елдер бойынша бөлінген деректердің СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде іске асырылды. Осы модель мыналарды құруға мүмкіндік береді: а) 1995 - 2021 жыл аралығындағы ең жоғары кезеңдегі нақты тауар позицияларының баға индекстері; б) 2019 - 2021 жыл аралығындағы соңғы үш жылдағы жалпы импорт және экспорт бойынша баға индекстері. Мысал ретінде 1995 жылдан бастап жекелеген тұтынушылық тауарлар бойынша импорттық бағалардың индекстері жасалған.

Модельді пайдалануды таңдау қойылған міндеттерге, кезеңді қамту және тәптіштеу деңгейі бойынша пайдаланылатын іріктемеге байланысты. Сыртқы сауда бағаларының индекстерін есептеудің құрылған модельдері оларды қолда бар көрсеткіштер мен туынды сыныптауыштар бойынша итерациялауға мүмкіндік береді.

Төртінші кезеңде *сыртқы сауда бағаларының индекстеріне талдау жүргізіліп, негізгі үрдістер айқындалды.* Экспорттық баға индекстері мұнай бағасына және шикізатқа жатпайтын сектордың дайын тауарларының бағасына назар аудара отырып құрылған. Импорттық баға индекстері сауда әріптес елдер бөлігінде және аралық тауарлар, өндіріс құралдары, азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тұтынушылық тауарлар сияқты негізгі

тауар санаттары бөлігінде құрылған. Теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамы (НТАБ) мен импорттың бағалық, сандық және құндық индекстерінің өзара байланысына талдау жүргізілді. Сонымен қатар инфляцияның тауар топтары бөлігінде импорттық бағалармен өзара байланысы қаралды.

Авторлардың есептеулері ҚР ҚМ МКК [3] және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша жүргізілді [4].

3. Сыртқы сауда деректері бойынша құралдарды әзірлеу: жинау және біріктіру

3.1. Сыртқы сауда бойынша жаңа талдамалық құралдарды әзірлеу қажеттілігі

Зерттеу жүргізудің **бірінші кезеңінде** деректерді жинау және біріктіру жүргізіліп, Қазақстан Ұлттық Банкінің Цифрландыру офисі мақұлдаған «Қазақстанның сыртқы саудасының дерекқор кубы: Ver 2.2021», *ҚР сыртқы саудасы бойынша жаңа икемді талдамалық құралдар әзірленді.*

«Қазақстанның сыртқы саудасының дерекқор кубы: Ver 2.2021» – бұл бар көрсеткіштер және біріктіру деңгейі жоғары туынды сыныптауыштар бойынша жиынтық кестелер құруға мүмкіндік беретін ҚР сыртқы сауда бойынша кеңейтілген дерекқорындағы сұратулар құралы.

Ұлттық Банктің бөлімшелері бұрын пайдаланған куб (Ver 1.2014) зерттеу міндеттеріне толық көлемде жауап бермейді, өйткені:

1) 2014 жылдан бастап деректердің қысқа кезеңін қамтиды. Деректердің қысқа қатары Ұлттық Банктің операциялық міндеттерін шешуге және сыртқы сауда мен төлем балансының ағымдағы жай-күйіне талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Алайда, зерттеу мақсаттары үшін 1-ден артық бизнес-цикл аралығында зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ жүргізілетін бағалау мен қорытындылардың сапасы мен сенімділігін арттыратын деректердің ұзын қатарын қолдану орынды;

2) тауарларды тек қана СЭҚТН 6 таңбаға дейін сыныптауға мүмкіндік береді. Зерттеу мақсаттары үшін деректері «Төлем балансы» ААШЖ «Кедендік статистика» АЖО-да (бұдан әрі - «Кедендік статистика» АЖО) бар СЭҚТН 10 белгіге дейінгі тауарларды неғұрлым терең нақтылауды пайдалану тиімді;

3) тауарларды экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) бойынша сыныптауға мүмкіндік бермейді.

«Кедендік статистика» АЖО-да 1995 жылдан бастап 10-белгіге дейінгі деңгейде нақтылаумен ҚР сыртқы саудасы бойынша деректер қамтылады. Алайда деректер тек тіркелген форматта шығарылады және негізінен төлем балансы бойынша есептілікті жасау үшін пайдаланылады. АЖО ҚР сыртқы саудасы бойынша бастапқы деректерді сақтау орны болып табылады және зерттеулер жүргізу үшін икемді құрал болып табылмайды. Нәтижесінде Ұлттық Банк қызметкерлерінің деректердің үлкен көлеміне қолжетімділігі бар, бірақ осы деректердің арасындағы өзара байланысты орнату және олардың негізінде маңызды қорытынды жасау үшін икемді құралдары жоқ.

Осыған байланысты көбінесе зерттеу мақсаттарына жауап беретін және «Кедендік статистика» АЖО-да қамтылған үлкен деректермен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін сыртқы сауда бойынша жаңа талдамалық құрал әзірленді.

3.2. Жаңа икемді талдамалық құралдардың сипаттамасы

Жаңа талдамалық құралдар:

1) 1995 - 2021 жыл аралығындағы ҚР сыртқы саудасы бойынша ай сайынғы деректердің барынша қолжетімді базасын қамтиды;

2) СЭҚТН 10 белгіге дейінгі тауарларды терең нақтылау арқылы деректерді құрылымдауға мүмкіндік береді;

3) деректерді БҰҰ-ның КЭС сәйкес өндеу дәрежесі (шикізаттық және өңделген тауарлар) және ұлттық шоттар жүйесінің тауарлардың негізгі сыныптары (өндіріс құралдары, аралық тауарлар және тұтынушылық тауарлар) бойынша сыныптауға мүмкіндік береді;

4) деректерді тауарларды экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) бойынша сыныптауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер Excel жиынтық кестесінде визуализация мүмкіндігімен Access ДҚБЖ-де құрастырылған.

«Кедендік статистика» АЖО деректер көзі болып табылады. Бұл деректер көзіне жеткізушілер ҚР СЖРА ҰСБ (ЕАЭО елдері бойынша) және ҚР ҚМ МКК (қалған елдер бойынша) болып табылады.

Бастапқы деректер сауда әріптес елдер бойынша СЭҚТН-ның 10-белгісін егжей-тегжейлі көрсете отырып, бір ай ішінде біріктірілген деңгейде (жеке кәсіпорын деңгейінде емес) сыртқы сауда жөніндегі ақпаратты қамтиды. Деректер көзі ретінде «Кедендік статистика» АЖО таңдалды, өйткені мемлекеттік органдардың сайттарындағы жалпыға қолжетімді ақпарат тек 2004 жылдан бергі деректерді қамтиды және онда ЕАЭО елдері бойынша (яғни Кеден одағына кіру кезеңінде) 2011 жылдың 1 жартыжылдығындағы деректер жоқ.

Халықаралық тәжірибеде БҰҰ КЭС-ке сәйкес тауарларды сыныптау әлемдік сауданың даму үрдістерін анықтауда біркелкілікке қол жеткізу үшін пайдаланылады. Қазақстанда бұл сыныптау статистикалық есептеулер жүргізу кезінде тауарларды шикізаттық және өңделген тауарларға бөлудің және шикізатқа жатпайтын экспортты дамытудың түпкілікті нысаналы индикаторларын айқындаудың бірыңғай әдістемесі ретінде қолданылады.

ҚР сыртқы саудасының тарихи деректерін құрылымдау үшін 1995 жылдан бастап жаңартылған сыныптауыштарға сәйкес СЭҚТН – КЭС өтпелі кілттері және СЭҚТН – ЭҚЖЖ кілттері жаңартылды. Өтпелі кілттер сыртқы сауда ағындарын құрылымдауға мүмкіндік береді және жан-жақты экономикалық талдау жүргізу үшін макроэкономикалық статистиканың басқа құрамдас бөліктерімен бірге халықаралық сауда статистикасын қарастыру мүмкіндігін береді.

БҰҰ КЭС сыныптауышын пайдалану жөніндегі нұсқаулықта жаһандық құн тізбегін талдау және ЖІӨ-ні бағалау үшін сыныптауыштың маңыздылығы атап көрсетілген. Сонымен қатар БҰҰ КЭС сыныптауышын қолдану тұтынушылық бағалар индексінің (ТБИ) есебіне кіретін шикізатқа жатпайтын экспорттың дайын тауарларын және тұтынушылық тауарларды іріктеуге мүмкіндік берді. Бұл сыртқы сауда ағындарының инфляцияға әсерін бағалау үшін деректерді құрылымдаудың талдамалық міндетін жеңілдетеді.

Құралдарды автоматтандыру бастапқы деректер нысандары (сыртқы сауда статистикасы нысандары) мен жүктелетін деректердің айырмашылығынан, сондай-ақ тарихи деректерді құрылымдау үшін дайын өтпелі кілттердің болмауынан қиын болды. Нәтижесінде сыртқы сауданың бастапқы деректері тікелей көрсеткіштердің бірыңғай форматына қолмен келтірілді. Сонымен қатар сыртқы сауда бағаларын есептеу кезінде жекелеген тауарлар бойынша бастапқы статистика ретінде олқылықтар, оның ішінде жекелеген тауарлар бойынша бағаның шектен тыс ауытқулары, әр түрлі кезеңдерде бір тауар бойынша әртүрлі өлшем бірліктерінің болуы анықталды.

Жаңа құралдарды әзірлеу үшін мынадай әрекет жасалды: а) экспорт және импорт бойынша ай сайынғы 600-ден астам бастапқы Excel файлдары өңделіп, өтпелі көрсеткіштерімен және 26 жыл ішіндегі деректерімен бірге бір базаға біріктірілді; б) СЭҚТН– КЭС–ЭҚЖЖ өтпелі кілттері (СЭҚТН-нің 6000-нан астам кодтары) қолмен жаңартылды, өйткені деректер қатары 1995 жылдан бастап СЭҚТН сыныптауышының бес рет жаңартылуына байланысты деректер үзіліп отырды және тиісінше СЭҚТН-КЭС (ВЕС Rev.4 нұсқасы) және СЭҚТН – ЭҚЖЖ өтпелі кілттері өзгертілді.

Өтпелі кілттерді жаңарту бұдан кейін жаңа сыныптауышқа ауыстыруды жеңілдетеді, өйткені СЭҚТН бойынша барлық тарихи деректер КЭС сыныпталған (ВЕС Rev. 4 нұсқасы). КЭС-тің бесінші редакциясы тауарлардан басқа қызметтерді де қамтиды.

Ұлттық Банктің құрылымдық бөлімшелерінің талдау және зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде Ver 2.2021 кубын пайдалануы олардың статистикалық деректерді іздеуге және өңдеуге жұмсалатын еңбек шығындарын қысқартуға, операциялық процестердің қайталануын болдырмауға, адам қателігі тәуекелін азайтуға мүмкіндік береді. Ұлттық Банктің қызметкерлері бұл құралды болжамдау жұмыстарында және Қазақстан экономикасының сыртқы секторын талдау кезінде пайдаланады. Пайдаланушы нұсқаулығы және құралдарды басқару нұсқаулығы жасалды.

4. Сыртқы сауда бағалары индекстерінің модельдерін іске асыру: құру әдіснамасы.

4.1. Баға индекстерін құру әдіснамасы және формулаларды қолдану

Экспорттық және импорттық бағалар индексінің құру әдіснамасы Ласпейрес индексі мен Пааше индексінің орташа геометриялық мәні болып табылатын Фишер индексі қолданып отырып, бағалардың ай сайынғы тізбекті өзгеруін есептеу арқылы іске асырылды. Ай сайынғы тізбекті индексті таңдау сыртқы сауда статистикалық қатарларындағы алшақтықтардың болуымен негізделген және төменде егжей-тегжейлі сипатталған.

Ласпейрес бағалар тізбекті индексі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$P_L = \frac{\sum_{i=1}^n p_i^t q_i^{t-1}}{\sum_{i=1}^n p_i^{t-1} q_i^{t-1}} \equiv \sum_{i=1}^n \left(\frac{p_i^t}{p_i^{t-1}} \right) s_i^{t-1} \quad (1\text{-формула}),$$

мұнда i – тауарлық қосалқы позиция;

p – оның бағасы,

q – оның саны,

t – кезеңі;

s_i^{t-1} – $t-1$ кезеңіндегі құны бойынша i тауар үлесі:

$$s_i^{t-1} = \frac{p_i^{t-1} q_i^{t-1}}{\sum_{i=1}^n p_i^{t-1} q_i^{t-1}} \quad (2\text{-формула}).$$

Пааше бағалар тізбекті индексі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$P_P = \frac{\sum_{i=1}^n p_i^t q_i^t}{\sum_{i=1}^n p_i^{t-1} q_i^t} \equiv \left\{ \sum_{i=1}^n \left(\frac{p_i^t}{p_i^{t-1}} \right)^{-1} s_i^t \right\}^{-1} \quad (3\text{-формула}),$$

мұнда s_i^t – t кезеңіндегі құны бойынша i тауарының ұқсас үлесі:

$$s_i^t = \frac{p_i^t q_i^t}{\sum_{i=1}^n p_i^t q_i^t} \quad (4\text{-формула}).$$

Фишер бағалар тізбекті индексі Ласпейрес және Пааше индекстерінің орташа геометриялық мәні ретінде есептеледі:

$$P_F \equiv \sqrt{P_L * P_P} \quad (5\text{-формула}).$$

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда статистикалық деректері қатарындағы алшақтықтар жетілдіру шеңберінде СЭҚТН халықаралық сыныптауышының мерзімді жаңартылуына (1995-2021 жылдар кезеңінде 5 рет жаңарту), жекелеген тауарлар саудасының нақты көлемінің өлшем бірліктерінің өзгеруіне, моральдық тұрғыдан ескірген тауарлар саудасының тоқтатылуына және саудада жаңа тауарлардың пайда болуына, жекелеген кезеңдерде сауданың маусымдық болмауына, сондай-ақ ішкі нарықты тарифтік және тарифтік емес кедергілермен қорғау факторларына және басқа да факторларға негізделгенін атап өткен жөн.

Осы алшақтықтардың пайда болу себептері туралы жорамалдарды ескере отырып, жоқ немесе дұрыс емес мәндерді импутациялау және калибрлеу арқылы оларды жою бойынша жұмыс жүргізілді. 1-кестеде 2020 жылғы наурыз - 2020 жылғы қазан аралығындағы кезеңде тауарлық қосалқы позициялардың бірінің импорт ағындары бойынша индекстерді құру мысалы келтірілген.

1-кесте. Тауардың қосалқы позицияларының бірінің ағындары бойынша баға индекстерін құру мысалы

р/с	кезеңі	03.2020	04.2020	05.2020	06.2020	07.2020	08.2020	09.2020	10.2020
1	PERIOD_M (t)	303	304	305	306	307	308	309	310
2	Құны (Cost)*	импутация 1 цент	импутация 1 цент	C ³⁰⁵	импутация 1 цент	C ³⁰⁷	C ³⁰⁸	импутация 1 цент	C ³¹⁰
3	Саны (Quantity)	-	-	Q ³⁰⁵	-	Q ³⁰⁷	Q ³⁰⁸	-	Q ³¹⁰
4	Құны бойынша үлес салмағы (Share)	min S ³⁰³ ≈0	min S ³⁰⁴ ≈0	S ³⁰⁵	min S ³⁰⁶ ≈0	S ³⁰⁷	S ³⁰⁸	min S ³⁰⁹ ≈0	S ³¹⁰
5	Орташа бағасы (Unit Price)	-	-	P ³⁰⁵	-	P ³⁰⁷	P ³⁰⁸	-	P ³¹⁰
6	Бағаның өзгеруі, тізбекті (R_Price)	1	1	1	1	1	RP ³⁰⁸	1	1
7	Laspeyres бойынша баға индексі	P _L ³⁰³	min P _L ³⁰⁴ ≈0	min P _L ³⁰⁵ ≈0	P _L ³⁰⁶	min P _L ³⁰⁷ ≈0	P _L ³⁰⁸	P _L ³⁰⁹	min P _L ³¹⁰ ≈0
8	Paasche бойынша баға индексі	min P _P ³⁰³ ≈0	min P _P ³⁰⁴ ≈0	P _P ³⁰⁵	min P _P ³⁰⁶ ≈0	P _P ³⁰⁷	P _P ³⁰⁸	min P _P ³⁰⁹ ≈0	P _P ³¹⁰
9	Fisher бойынша баға индексі	P _F ³⁰³	min P _F ³⁰⁴ ≈0	P _F ³⁰⁵	P _F ³⁰⁶	P _F ³⁰⁷	P _F ³⁰⁸	P _F ³⁰⁹	P _F ³¹⁰

*Баға индекcін құрудың 1-моделінде бір тауарлық қосалқы позицияның құндық көлемі екі белгі бойынша: СЭҚТН 6-белгісінің коды бойынша және нақты көлемнің өлшем бірлігі бойынша (СЭҚТН 310390 бойынша импорттың нақты ағындары келтірілген) көрсетіледі. Барынша қолжетімді дезагрегацияланған деңгейде баға индекcін құрудың 2-моделінде үш белгі: СЭҚТН 10-белгісінің коды бойынша, ел бойынша және нақты көлемнің өлшем бірлігі бойынша тауарлық шағын қосалқы позицияның құндық көлемдері көрсетілген.

Сыртқы сауда статистикасы АҚШ долларымен ұсынылатындығын ескеру қажет.

Тауарлық қосалқы позициялар құнының, Cost жоқ мәндерін нөлдік емес мәндермен (1 цент) импутациялау және олар бойынша баға өзгерістерін, R_Price калибрлеу (бағаны өзгертпей =1) мынадай факторлармен негізделеді:

1) тауарлық қосалқы позициялар құнының жоқ мәндерін нөлдік емес мәндермен импутацияламай және олар бойынша баға өзгерістерін калибрлеусіз бұрмаланған индекс алынады, өйткені тиісті индекстер бағаны тізбекті салыстыру мүмкіндігі бар кезеңдерде ғана есептеледі ($t=308$ кезеңіндегі P_L^{308} , P_P^{308} , P_F^{308});

2) тауарлық қосалқы позициялар құнының жоқ мәндерін нөлдік емес мәндермен ампутацияламай, бірақ бағаның өзгеруін калибрлеумен (бағаның өзгеруінсіз $=1$) сауда деректері бар кезеңдерде ғана баға индексі де бұрмаланатын болады. Индекстер сауда деректері бар кезеңдерде ғана ($t= 305, 307, 308$ және 310) *Пааше* (P_P^{305} , P_P^{307} , P_P^{308} , P_P^{310}) формуласы бойынша, ал *Ласпейрес* формуласы бойынша бағаны тізбекті салыстыру мүмкіндігі бар кезеңдерде ғана ($t=308$ кезеңіндегі P_L^{308}) есептеледі. Бұдан кейін тауар қоржыны бойынша *Фишер* индексі есептеледі. Мәселен, бұл жағдайда *Пааше* формуласы жұмыс істейді, ал *Ласпейрес* формуласы жұмыс істемейді (оның ішінде жоқ сауда-саттық бойынша бағасын калибрлеудің болмауына байланысты P_L^{306} , P_L^{309} бойынша). *Фишер* индексі баға факторын жетік бағаламай, нөлге ұмтылады. Ал сандық фактор асыра бағаланып, бүкіл кезең ішінде шексіздікке ұмтылады, тауардың деректер қатарында пайда болуын тіркейді және оның жоқ болып кетуін назардан тас қалдырады. Бұл сауда құнының өзгеруі баға мен санның өзгеруіне тәуелді болатынына байланысты:

$$R_COST = R_Quantity * R_PRICE \text{ (6-формула);}$$

3) құнның жоқ мәндерін нөлдік емес мәндермен (1 цент) импутациялау және олардағы баға өзгерістерін калибрлеу (бағаны өзгертпей $=1$) барабар нәтиже алуға мүмкіндік береді, ал *Пааше* және *Ласпейрес* индекстері бұл жағдайда барлық кезеңдерде есептеледі және сауда ағынында тауарлардың пайда болуы мен жоқ болуын тіркейді. Фишер формуласының бірегейлігі оның уақыт бойынша қайтымдылығында жатыр, бұл ХВҚ-ның экспорттық және импорттық бағалар жөніндегі нұсқаулығында сипатталған міндетті өлшемшарттардың бірі болып табылады. Бұл жағдайда *Фишер* бойынша долларлық баға индекстерін есептеу нәтижелері барабар нәтижелер береді және теңгелік баға индекстерін сынаудан өткізу арқылы расталады.

4.2. Үзілістердегі бағаны бағалау деңгейі және аралық статистикасы

Алдыңғы бөлімде көрсетілген 1-кестенің мысалында қолданылатын баға индексін құру әдіснамасының нәтижелеріне сенім дәрежесін ашып көрсететін үзілістердегі бағаны калибрлеу деңгейін есептеу және үздіксіз деректердің аралық статистикасы көрсетілген. Мәселен, сауданың болмауына байланысты «бағаны өзгертпей» деген жорамал бар ашақтық нүктелеріне жанасатын сауданың құндық көлемі олардың сомасын және жалпы көлемдегі үлесін айқындауды қажет етеді.

Қосу арқылы үзілістердегі бағаларды калибрлеу деңгейін анықтау және сол жақта ($t-1$) үзілістері бар сауданың құндық көлемі үлесінің болуы калибрлеу деңгейінің ең жоғары мәнін көрсетеді.

Мұндай тәсіл « t » және « $t-1$ » кезеңдеріндегі тізбекті бағаларды салыстыруда Ласпейрес пен Пааше формулаларын қолдану талабына жауап береді. Бұл жағдайда бағаны калибрлеу деңгейі қатардың бұдан кейінгі үздіксіздігіне және аралық санына қарамастан, үзілістен кейін сауда басталуына бағаның барлық алғашқы белгісіз өзгерістерін ескереді.


Мысалы, $t/(t-1)$ кезеңдерінің бағаларын салыстырғанда: « t »: 305, 307, 310 кезеңдерінде P^{305}/P^{304} , P^{307}/P^{306} және P^{310}/P^{309} тауарлар бағасының өзгеруі (« R_Price ») « $t-1$ » кезеңіне «өзгеріссіз $= 1$ » деген болжаммен жүреді (сауда жоқ), « t » нүктелерінде тауарлардың құндық көлемі жиынтықталады және олардың үлесі үзілістердегі бағаларды калибрлеу деңгейі ретінде айқындалады (1-кесте).

Мәселен, ҚР-ға теледидар импортында бағаны калибрлеу деңгейі – *сол жақтағы үзілістері бар* нүктелердегі жиынтық құндық көлемнің үлесі - 5,5% болды, яғни 1995-2021 жылдары \$2112 млн доллардан \$117 млн долларды құрады (1-сурет).

1995-2021 жылдар кезеңінде ҚР-дағы теледидарға импорттық баға индекcін (СЭҚТН 852812, СЭҚТН 852872) есептеу үшін статистикалық ағын бойынша нақты көлемдердің өлшем бірліктері бөлігінде елдер бойынша СЭҚТН 10-белгісінің барынша қол жетімді дезагрегацияланған деңгейінде мынадай деректер бар:

- 1) 1172 бірлік (құрылым) – үш белгі: CODE_TNVED, ID_COUNTRY, ID_MEASURE бойынша қарастырылып отырған кезеңдегі нақты импорт ағынын біріктіру арқылы алынған бірегей позициялар саны (*бұл ретте СЭҚТН 10-белгісінің 65 коды, 97 ел және 2 өлшем белгісі қамтылды*).
- 2) 375 040 бірлік (массив) – төртінші белгі – уақыт ескеріліп, мынадай жолмен: 1172 бірлік x 320 ай (1995 жылғы қаңтар – 2021 жылғы тамыз) алынған қарастырылып отырған кезеңдегі нүктелер саны.
- 3) 9796 бірлік (факт) – барлық төрт белгі бойынша теледидарды импорттаудың нақты деректері бар нүктелер саны.


1-сурет. ҚР-ға теледидарлардың импорты және сол жақтағы үзіліс нүктелеріндегі құны



Дереккөзі: авторлардың ҚР ҚМ МКК және СЖРА ҰСБ деректері бойынша есептеулері

2017 жылдан бастап 12 айлық өзгермелі кезеңдегі жинақтаумен ұсынылған теледидарлардың импорты үзіліс нүктелеріндегі құн үлесінің 2%-дан төмен деңгейге дейін төмендеуін, яғни үзілістердегі бағаны калибрлеу деңгейінің төмендеуін көрсетеді (2-суретті қараңыз).

2-сурет. 2017 жылдан бастап 12 айлық өзгермелі кезеңдегі ҚР-ға теледидарлардың импорты бойынша сол жақтағы үзіліс нүктелеріндегі құнының үлесі 2%-дан аз



Дереккөзі: авторлардың ҚР ҚМ МКК және СЖРА ҰСБ деректері бойынша есептеулері

Бұрын атап өтілгендей, үзілістерде бағаларды калибрлеу деңгейін анықтаудың осы нұсқасы ең жоғарғы мәнді береді, өйткені «t» кезеңінің бағасы «t-1» кезеңінде сауда болмаған кезде «бағаны өзгертпей» ретінде ескеріледі және «t» кезеңінің құны бағаларды калибрлеу деңгейін айқындау үшін қосылады.

Алайда:

а) егер «t+1» кезеңінде сауда болса, онда «t» кезеңінің бағасы бағаның өзгеруін есептеуде ескеріледі және «t» кезеңінің құны үзілістерде бағаларды калибрлеу деңгейін есептеу үшін қосылмауға тиіс. Мысалы, бұл (t+1)/t: P308/P307 кезеңдерінің бағаларын салыстыруда ашып көрсетіледі (1-кестені қараңыз).

Сонымен бірге,

б) егер «t+1» кезеңінде сауда болмаса (оң жақтағы үзіліс), онда «t» кезеңінің бағасы салыстыруда ескерілмейді және осы «t» нүктесіндегі құны калибрлеу деңгейін есептеуге қосылады. Мысалы, бұл (t+1)/t: P³⁰⁶/P³⁰⁵ кезеңдерінің бағаларын салыстыруда ашып көрсетіледі (1-кестені қараңыз).

«b» жағдайында, «t-1» және «t+1» кезеңдерінде - сауда жоқ, «t» кезеңі екі жағынан алшақтықпен 1 айлық сауда ағынымен сипатталады, олардың бағаларын тізбектеп салыстыру мүмкін емес және бағалары «өзгеріссіз» деп іріктеледі. Мұндай орындарға осы зерттеуде 1 ай аралық анықтамасы берілген.

Теледидар импортының мысалы бойынша бағаны іріктеу деңгейі, яғни 1 ай аралығы бар орындарының жиынтық құндық көлемінің үлесі 3,5%-ды, атап айтқанда 1995-2021 жылдардағы \$2112 млнан \$73 млнды құрады.

Бұдан басқа, бағалар индексін құру кезінде алшақтықтағы бағаларды іріктеу сауда ағындарының қоржынындағы әртүрлі бағыттағы баға өзгерістерін қамтиды, себебі бағалардың өсуі мен төмендеуі көрсеткіштері бағаларды тізбектеп салыстырудың мүмкін еместігін өтей отырып, бір-бірін ішінара жояды. Бұл жағдайда бағаны іріктеу қателігі мен есептік деңгейі төмендейді.

Бағаның тізбекті индексін құру әдіснамасына және бірқатар сыртқы сауда жеткізілімдерінің үзілу деңгейінің әсеріне деген сенімді айқындау шеңберінде аралық статистикасы: 1 айда, 2 үздіксіз айда, 3, 4, 5 айда және тағы басқа аралық ұзындығы бойынша байқаулар саны мен құндық көлемдері бойынша құрылды. Аралық диапазондары да топтастырылды.

Аралық статистикасы теледидар импортының құндық көлемі үздіксіз жеткізілімі бар ұзақ аралықтарда шоғырланғанын көрсетті (2-кесте, 3 және 4-суреттер).

2-кесте. 1995-2021 жылдары теледидар импортының аралығы бойынша статистикасы

Аралық	Орын саны, мың бірлік	Құны, млн АҚШ доллары	жалпы құнынан үлесі
1 ай	3,682	73,3	3,5%
2 ай	1,336	34,6	1,6%
3-4	1,198	43,3	2,1%
5-8	1,109	82,7	3,9%
9-16	0,869	52,1	2,5%
17-32	0,602	197,4	9,3%
33-64	0,698	373,1	17,7%
139-163	0,302	1 255,7	59,4%
Жиынтығында ТВ импорты	9,796	2 112,3	100,0%

Дереккөзі: авторлардың ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша есептеулері

3-сурет.



4-сурет.



Дереккөзі: авторлардың ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша есептеулері


Кезеңдер бойынша қарастырылатын аралық статистикасы бағалардың тізбекті индекcін құру әдіснамасына сенім дәрежесін кеңірек ашады (5-суретті қараңыз).

ҚР-да теледидар импортының төмендеуімен алшақтықтар ұлғайып, 1 айлық аралық үлесі ұлғайды (1997-1998 жылдар). Теледидар импортының өсуімен алшақтық төмендеді және 1 айлық аралық үлесі – бағаны іріктеу деңгейі төмендеді (1995-1997 жж., 2002 жылдан бастап). 2017 жылдан бастап 1 айлық аралық үлесі 1%-дан кем болды. 2017 жылдан бастап ұзақтығы да 9 айдан аз ұзақтықтағы аралық үлесі 2,1% -3,8% шегінде өте төмен болды.

Теледидар импортының негізгі көлемі ұзақ аралықтардың үздіксіз қатарларымен қалыптасады, ал аралықтардың жоғары деңгейі импорт көлемінің төмен кезеңдерінде тіркелген, онда жеткізілімдер тұрақсыз сипатта болған.

Нәтижесінде аралықтарда бағаны іріктеу деңгейінің төмендегені байқалады, оны 1 айлық аралықтың үлесі төмендеуі білдіреді. Бұл үздіксіз жеткізілімдердің өсуіне және СЭҚТН кодтауды қайта қарағаннан кейін статистика сапасының жақсаруына байланысты.

5-сурет. 12 айлық құбылмалы кезеңдегі аралық ұзақтығы бойынша үздіксіз бақылаулар бойынша ҚР-дағы теледидардың құндық импорты



Дереккөзі: авторлардың ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша есептеулері

Осылайша, осы зерттеуде пайдаланылатын Фишер формуласын қолдана отырып, бағалардың ай сайынғы тізбекті өзгерістерін есептеу арқылы баға индексын құру әдіснамасы, алшақтық орындарында және бағалардың күрделі өзгеру орындарында бағаларды іріктеумен барабар нәтижелер беретін қолжетімді шешім болып табылатынын білдіретін мына факторларды атап өтуге болады.

Біріншіден, деректер қатарында алшақтықтардың болуы, белгілі бір кодтар бойынша жекелеген тауарлық қосалқы позициялардың мазмұнының деректерді үзбей, бірақ бағалардың ықтимал күрделі өзгеруімен өзгеруі, сондай-ақ жеткізілімдердің ырғағына байланысты деректер қатарындағы тән олқылықтар тізбекті индекстерді құру үшін өзгеру орындарын айқындауды қиындатады және талдау нәтижелерінің бұрмалануына және дұрыс емес түсіндірме беруіне әкеледі.

Сыртқы сауда деректеріндегі көрсетілген кемшіліктер мына себептермен байланысты:

1) халықаралық СЭҚТН сыныптауышын бірнеше рет жаңарту, бұл СЭҚТН жаңа және ескі кодтары арасында өтпелі кілттерде олардың мазмұны өзгерген кезде кодтардың цифрлық мәндерін сақтай отырып, екі жақты сыныптау жолдары пайда болуына әкеп соқтырды. Тауарлық қосалқы позициялар бір кодқа біріктірілуі мүмкін еді немесе керісінше, бір тауарлық қосалқы позиция тауар номенклатурасының бір деңгейіндегі бірнеше кодтармен нақтылануы мүмкін еді (3-кестені және 6-суретті қараңыз);

2) моральдық жағынан ескірген тауарлармен сауданы тоқтату және жаңа тауарлардың пайда болуы;

3) жекелеген тауарлар саудасының физикалық көлемін өлшеу бірліктерінің өзгеруі.

Мәселен, қаралып отырған кезеңде (320 ай) сыртқы сауда деректерінің массиві 200-ден астам сауда әріптес елдер бойынша сауда ағындарын қамтиды және 25 мыңнан астам тауарлық шағын қосалқы позициялар бойынша сыныптау өзгерістерін қамтиды, олардың кейбіреулері бойынша физикалық көлемдерін өлшеу бірліктерінде өзгерістер болды.

Екіншіден, сыныптау өзгерістерден туындаған деректердің үзілген қатарларын біріктіру мәнін жоғалтады, себебі тауарлық қосалқы позициялардың бағаларын сол бір кодпен, бірақ әртүрлі мазмұнымен салыстыру нақты сәйкестік нәтижелерін бермейді.

Үшіншіден, белгілі бір тауар қоржынының баға индексын қарау кезінде сыныпталған өзгерістер жалпы тауар қоржынының мазмұнына әсер етпейді. Бұл тауар қоржынының құрамындағы деректер қатарының саны өзгеруіне қарамастан, барабар жалпы баға индексын алуға мүмкіндік береді. Осы рәсім жекелеген тауарлық позициялар деңгейінде де, агрегацияның неғұрлым жоғары деңгейінде де тексерілді. Долларлық сыртқы сауда

бағаларынан қайта есептелген теңге бағасының индексін байқаудан өткізу көрсетілген тәсілді таңдаудың сәйкестігі мен сенімділігінің қосымша дәлелі болып табылады.

БҰҰ Comtrade «Түрлендіру әдіснамасына жалпы ескертпе» 2017 жылғы [5] құжатына сәйкес кодтау мен сипаттаудың үйлестірілген жүйесін (HS, 6- TNVED белгісі деңгейінде) Дүниежүзілік кеден ұйымы жаңа өнімдердің пайда болуын және бұрын қолданыста болған өнімдердің жойылуын ескере отырып, үнемі жаңартып отырады. Көрсетілген құжатқа сәйкес HS 2017 және кез келген алдыңғы HS басылымы арасында кодтар арасындағы қатынастың төрт түрі болуы мүмкін:

- 1:1 – бір HS 2017 кодына алдыңғы HS бір коды сәйкес келеді;
- n: 1 - HS 2017 кодын бірнеше кодқа бөлу нәтижесі;
- 1: n - HS 2017 коды бірнеше кодтардың бірігу нәтижесі болып табылады;
- n: n - бірнеше кодтарды бөлу және біріктіру нәтижесі.

3-кесте. HS 2017 кодтары мен алдыңғы HS кодтары арасындағы өзара байланыстардың құрылымы мен түрлері

Өзара байланыстың типі	HS 2012	HS 2007	HS 2002	HS 1996	HS 1992
1:1	4744	4418	3967	3660	3333
n:1	578	799	948	1153	1332
1:n	44	124	508	560	644
n:n	775	983	1651	2096	2554

Дереккөзі: UN Comtrade <https://unstats.un.org/unsd/classifications/econ/>

6-сурет. «Тірі жануарлар» бөлімінің тауарлар байланысының үлгісі



Дереккөзі: UN Comtrade <https://unstats.un.org/unsd/classifications/econ/>

4.3. Бағаның күрделі өзгеруі

ХВҚ экспорттық және импорттық бағалар жөніндегі нұсқаулығына сәйкес сыртқы сауданың бастапқы статистикасын сыртқы сауда бағаларының нарықтық емес ауытқуы бар «қате» деректерден тазарту керек. Осындай баға ауытқуларына авторлар мынадай анықтама берді: «Бағалардың күрделі өзгеруі - бұл қаралып отырған кезеңде өткен айдағы бағадан *бір айда тауарлық қосалқы позициялардың долларлық орташа бағаларының* 2 еседен астам (100%), 5 есе (400%) немесе 10 есе (900%-ға) (немесе бастапқы бағадан 50%-ға дейін 2 есе, 20%-ға дейін 5 есе немесе 10%-ға дейін 10 есе) ауытқуы. Жекелеген тауарлар бағасының осындай аса ауытқуы (тіпті қоржындағы құндық үлес төмен болғанда да) бағаның жалпы индексін бұрмалайды.


Бағалардың күрделі өзгеруі негізінен сыныптау топтарының сөзсіз пайда болуымен СЭҚТН кодтарын қайта қарау орындарында туындайды. Мысалы, бастапқыда СЭҚТН белгілі бір коды біртекті тауарлардың саудасын тіркейді. СЭҚТН сыныптауышын қайта қарағаннан кейін бір кодтың орнына айналымға бірнеше код енгізіледі немесе бірнеше код бір кодпен ауыстырылады.

Сонымен қатар, бағаның көтерілуі жеткізілім көлемінің айтарлықтай өзгеруі - коммерциялық жеткізілімдердің басталу орындарында байқалады. Мысалы, белгілі бір кезеңде тауарды жеткізудің төмен, дан бойынша физикалық көлемдері кезінде орташа мәндерден елеулі баға ауытқуы бар аса жоғары баға байқалады. Бұл ретте тауар үлгі ретінде жеткізілуі мүмкін және оның бағасы ілеспе қызметтерге (зерттеулерге, зертханалық сынақтарға және басқаларына) арналған шығындарды қамтуы мүмкін. Кейіннен коммерциялық жеткізу көлемі миллиондаған доллармен болған кезде тауардың бағасы орташа нарықтық деңгейде көрсетіледі. Сонымен қатар, баға өзгеруі жеткізілімдер географиясының өзгеруіне, елдер мен тауарлар бойынша СЭҚТН 6-белгісі деңгейінде біріктіруге байланысты туындайды. Деректердің статистикалық қатарындағы қателер де баға өзгеруі туындауына себеп болуы мүмкін.

Нәтижесінде сыртқы сауда бағалары индекстерінің іске асырылған модельдері деректердің сапасын жақсарту мақсатында әріптес елдермен статистикалық деректерді сәйкес салыстыру үшін негіз болатын ай сайынғы доллар бағаларының күрделі өзгеруі бар сауда ағындарын анықтауға мүмкіндік береді. ХВҚ-ның «қате» деректерді тазарту жөніндегі әдіснамасын талап ету сыртқы сауда бағаларының күрделі өзгеруін «бағаны өзгертпей» сияқты іріктеу жолымен жүзеге асырылды. Бір кезең ішінде бағаларды іріктеу қарастырылып отырған тауар қоржыны бағаларының әртүрлі бағыттағы күрделі өзгеруін реттейді.


Бұл ретте, іріктеуді таңдауға (2, 5 және 10 еселенген баға өзгеруіне) қарамастан ҚР импортының баға индекстері бірдей үрдіске ие (7 және 8-суреттерді қараңыз).

7-сурет. СЭҚТН 6-белгісі деңгейінде іске асырылған ҚР импортының баға индекстерін бағаның k – еселенген өзгерістерін іріктей отырып салыстыру (2013 жылғы желтоқсандағы базаға қатысты)



Дереккөзі: авторлардың ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша есептеулері

8-сурет. СЭҚТН 6-белгісі деңгейінде іске асырылған ҚР импортының баға индекстерін 12 айлық құбылмалы кезеңдегі бағаның k - еселенген өзгерістерін іріктей отырып салыстыру



Дереккөзі: авторлардың ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша есептеулері

Баға өзгеру проблемасын 2 еселенген өсуді іріктеу арқылы шешу бағаның неғұрлым барабар динамикасын береді. Нәтижелердің осы барабарлығы теңгелік бағалар индексіндегі сынамалаумен және НТАБ динамикасымен расталады (5-бөлімді қараңыз).

Сауда ағындарының статистикасы көрсеткендей, бағаның мың еселенген көтерілуі үлес салмағы төмен (алшақтық) құнның шағын көлемінде байқалады. Қомақты құндық көлемі бар баға өзгерістері сапасы мен сипаттамалары бойынша салыстырылмайтын әр түрлі тауарларды СЭҚТН бір коды ішінде жеткізумен байланысты. Мысалы, мұндай тауарларға ұшақтар, баржалар, теледидарлар мен кинотеатрлар, бюджеттік ұялы телефондар мен айфондар кіреді. Бұдан басқа, бастапқы статистиканың сапасы да зардап шегуде. Бағаны іріктеу нәтижесінде осындай орындардағы құнның өзгеруі бағалық емес, сандық фактормен түсіндіріледі.

Фишердің ай сайынғы тізбекті индексінің тәсілін қолдану тауар қоржыны құрылымының өзгеруін ескереді, яғни белгілі бір сипаттамасы бар ескі тауардың сауда ағынында жаңа баға ауқымында жаңа сипаттамасы бар жаңартылған тауарға көшу белгіленеді. Осылайша, баға индексі тек салыстырмалы тауарлар бағасының өзгеруін қамтиды және сипаттамалары бойынша салыстырылмайтын тауарлар бағасының өзгеруін есепке алмайды. Мысалы, ескірген және түрлендірілген тауарлар салыстыруға келмейді. Егер бағаның өсу жағына қарай барабар емес өзгеру болса және одан әрі осы өзгеру бастапқы аралыққа қайтарылса, онда бұл статистикалық қателік болуы мүмкін. Егер баға өзгеруі бұрынғы деңгейге қайтарылмаса, онда тауар сапасы өзгеруі мүмкін. Тауар сапасының мұндай өзгерісінде ескі тауардың қолданылу циклі аяқталғанын және/немесе жаңа бағасы бар жаңа сипаттамаларымен мүлдем жаңа тауардың пайда болуы қамтылады.

4.4. Баға индексі құру моделін таңдау

Қарастырылып отырған кезеңде зерттеу шеңберінде 1995-2021 жылдар ішінде ҚР сыртқы саудасының статистикалық деректері мыналарды қамтыды: а) СЭҚТН 10-белгісінің 25 мың кодын (қайта қарауды ескере отырып) (4-кесте); б) 258 әріптес ел (аралдарды қоса алғанда); с) тауарларды жеткізудің физикалық көлемін өлшеудің 30 бірлігі.

4-кесте. ҚР импортының көрсеткіштері

Көрсеткіштер	ҚР импортының 5 жылдық кезеңі					
	1996-2000	2001-2005	2006-2010	2011-2015	2016-2020	Кезең үшін барлығы
Құны, млн USD	21 550	51 491	153 679	203 751	166 393	596 864
4 мәндік СЭҚТН саны Тауар позициясы, бірлік	1 508	1 449	1 456	1 431	1 404	1 561
6 мәндік СЭҚТН саны Тауар субпозициясы, бірлік	6 429	5 339	5 464	5 438	5 423	7 907
10 мәндік СЭҚТН саны Тауардың шағын субпозициясы, бірлік	14 597	11 480	12 660	13 225	11 816	25 275

Дереккөзі: авторлардың ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша есептеулері

5-кесте. ҚР экспортының көрсеткіштері

Көрсеткіштер	ҚР экспортының 5 жылдық кезеңі					
	1996-2000	2001-2005	2006-2010	2011-2015	2016-2020	Кезең үшін барлығы
Құны, млн USD	32 425	79 155	260 625	380 877	251 331	1 004 413
4 мәндік СЭҚТН саны Тауар позициясы, бірлік	1 345	1 248	1 276	1 299	1 309	1 502
6 мәндік СЭҚТН саны Тауар субпозициясы, бірлік	4 457	3 665	3 860	4 034	4 290	6 358
10 мәндік СЭҚТН саны Тауардың шағын субпозициясы, бірлік	8 326	6 423	7 440	7 958	7 986	17 014

Дереккөзі: авторлардың ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша есептеулері

Зерттеу аясында ҚР сыртқы сауда бағаларының ай сайынғы индекстерін құрудың екі моделі біріктірілген деректердің және кезеңді қамтудың түрлі деңгейлерінде іске асырылды.


Бірінші модель ай сайынғы көрсеткіштердің ең жоғары кезеңін қамтып елдер бойынша біріктірілген деректердің СЭҚТН 6-белгісі деңгейінде іске асырылды. Мысал ретінде экспорт пен импорттың негізгі тауарлық санаттары бойынша баға индекстері құрылды (5-бөлімді қараңыз).

Екінші модель елдер бойынша біріктірілмеген деректердің СЭҚТН 10 белгісі деңгейінде іске асырылды. Осы модель мыналарды құруға мүмкіндік береді: а) 1995 жылдан бастап 2021 жыл аралығындағы ең ұзақ кезеңдегі нақты тауар позицияларының баға индекстерін; б) 2019 жылдан бастап 2021 жыл аралығындағы соңғы үш жылдағы жалпы импорт және экспорт бойынша баға индекстері. Мысал ретінде 1995 жылдан басталған кезеңдегі жекелеген тұтыну тауарлары бойынша импорттық бағалардың индекстері жасалған.

Модельді пайдалануды таңдау қойылған міндеттерге, тәптіштеудің деңгейі мен кезеңді қамту бойынша пайдаланылатын іріктемеге байланысты. Сыртқы сауда бағаларының индекстерін есептеудің жасалған модельдері оны қолда бар көрсеткіштер мен туынды сыныптауыштар бойынша қайталауға мүмкіндік береді.


Бұл ретте, ҚР импорт бағаларының индекстері СЭҚТН 6-белгісі (елдер бойынша біріктірілген) немесе СЭҚТН 10-белгісі (елдер бойынша біріктірілмеген) деңгейінде модельдің таңдалуына қарамастан, үрдістердің бірдей бағыттары мен ауытқуларын көрсетеді (9 және 10-суреттерді қараңыз).

9-сурет. Екі модель бойынша ҚР импорттық баға индекстері: бағаның 2 еселенген өзгеруін іріктеп, СЭҚТН 6-белгісі мен елдер бойынша СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде (2019 жылғы қаңтардағы базаға)



Дереккөзі: авторлардың ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша есептеулері

10-сурет. Екі модель бойынша ҚР импорттық баға индекстері: бағаның 2 еселенген өзгеруін іріктеп, СЭҚТН 6-белгісі мен елдер бойынша СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде (өткен жылдың тиісті кезеңіне қатысты кезең)




Дереккөзі: авторлардың ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша есептеулері

4.5. ҚР теледидар импортын талдау мысалымен баға индексін тексеру


Кедендік одақ құрылғаннан кейін Ресей Федерациясы Қазақстанға телевизорларды негізгі жеткізуші болып табылады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша ҚР-ға теледидар импортындағы РФ үлесі 87%-ды құрады, 2021 жылы 94%-ға дейін өсті. (11 және 12-суреттер).

11-сурет. ҚР-ға теледидар жеткізуші елдердің аймақтары (СЭҚТН 852812,852872)



Дереккөзі: авторлардың ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша есептеулері


12-сурет. ҚР-ға теледидар жеткізуші үздік 10 ел* (СЭҚТН 852812, 852872)



*) 2021 жылда ақпарат қаңтар-тамыз үшін.

Дереккөзі: авторлардың ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша есептеулері

13-сурет. ҚР-ға теледидар импортының USD-пен индекстері* (2013 жылғы желтоқсандағы базаға)




*) Баға индексі ай сайынғы доллар бағасының 2 еселенген өзгерісін іріктей отырып, елдер бойынша біріктірілмеген деректердің СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде жасалды.

Дереккөзі: авторлардың ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша есептеулері

АҚШ долларымен және теңгемен импорттық бағалар индексінің динамикасы 2015 жылдан бастап РФ-дан теледидарлардың бажсыз монополиялық жеткізілімдеріне байланысты бірдей (90%). Осы зерттеу шеңберінде жасалған теледидардың импорттық баға индекстерінің үрдістері мен ҚР Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі - ҰСБ) деректері бойынша телевизор бағалары индекстерінің үрдісі сәйкес келеді (14-сурет).

Белгілі бір лағы бар теледидардың импорттық долларлық баға индексінің динамикасы НТАБ динамикасынан артып келеді, бірақ олардың бірдей үрдісі бар. Мәселен, теледидардың доллармен импорттық бағаларында өсу үрдісі бар, ал негізінен теңгенің бағамы аса бағаланған кезеңінде төмендейді (2008, 2015) (14-сурет).

14-сурет. ҚР-да USD (сол жақтағы ось), теңгемен (оң жақтағы ось) теледидардың импорттық баға индексі* және НТАБ пен ҰСБ деректері (2013 жылғы желтоқсандағы базаға қатысты)



*) Баға индексі ай сайынғы доллар бағасының 2 еселенген өзгерісін іріктей отырып, елдер бойынша біріктірілмеген деректердің СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде жасалды.

Дереккөзі: авторлардың ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша есептеулері

«Кедендік статистика» АЖО-да қаралатын теледидарлар 2008 жылға дейінгі СЭҚТН 6-таңбалы деңгейінде 852812 кодтауға ие болды, үйлестірілген жүйені (HS) қайта қарағаннан кейін теледидарларға жаңа 852872 коды бойынша кодтар қойылды. Сонымен қатар, 2008 жылға дейін жеткізудің нақты көлемі СЭҚТН 10-белгісіне дейін жіктеуге байланысты тоннада және данада, 2009 жылдан бастап – тек тоннада (6-кесте) ұсынылды.

6-кесте. ҚР теледидарлар импорты


Жылы	Саны			Құны млн доллар			Есептеу бағасы, доллармен		
	HS852812		HS852872	HS852812		HS852872	HS852812		HS852872
	ТОННА	ДАНА	ТОННА				ТОННАСЫ үшін	ДАНАСЫ үшін	ТОННАСЫ үшін
1995		76 373			21,7			284,6	
1996		194 650			47,9			246,0	
1997		290 602			71,4			245,7	
1998	37,2	49 498		0,7	7,9		17 502,7	158,7	
1999	21,0	20 890		0,2	3,0		11 219,0	143,7	
2000	12,5	30 874		0,2	3,6		13 624,0	117,2	
2001	8,5	12 560		0,2	2,7		27 152,9	217,9	
2002	24,1	16 780		0,6	2,6		24 215,8	156,4	
2003	34,5	22 146		0,3	3,1		9 649,3	138,3	
2004	84,6	46 857		2,1	8,3		24 870,3	177,1	
2005	317,3	71 024		4,2	8,2		13 290,2	115,8	
2006	646,5	107 113		13,3	14,6		20 584,1	136,5	
2007	1 517,8	56 363		34,0	12,4		22 422,1	219,9	
2008	290,6	13 190	2 225,7	6,6	3,1	56,1	22 640,1	232,1	25 191,7
2009			2 908,1			81,2			27 911,6
2010			3 768,8			130,5			34 613,5
2011			6 072,3			211,1			34 764,4
2012			6 521,2			229,5			35 196,3
2013			3 836,1			145,8			37 997,4
2014			4 575,6			170,0			37 148,6
2015			3 649,5			104,8			28 710,2
2016			2 781,0			83,7			30 079,6
2017			3 055,6			103,7			33 933,4
2018			3 720,0			118,7			31 921,6
2019			4 595,7			122,7			26 707,0
2020			6 054,8			145,8			24 085,5
2021			4 757,6			135,8			28 546,9
Жалпы жиынтығы	2 994,6	1 008 920,0	58 522,0	62,4	210,5	1 839,3	20 852,4	208,7	

Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

Нәтижесінде тоннасы және данасы үшін абсолютті бағаның квартильдері әр түрлі кезеңдерде жеке-жеке есептелді (15 және 16-суреттер).

Квартильдер бойынша теледидардың импорттық бағасының динамикасы мен елдер бойынша үлкейтілген деректердің СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде есептелген баға индекстері өзара байланысады (15, 16 және 17-суреттер). Бұл алшақтық орындарындағы және бағаның күрделі өзгеру орындарындағы бағаны іріктей отырып, Фишердің тізбекті индексінің әдіснамасын пайдалануға болатындығын дәлелдейді.


15-сурет. Статистикада 2008 жылға дейін квартильдер бойынша нақты көлемі данамен берілген ҚР-дағы теледидарлардың импорттық бағасының динамикасы және баға индексі* (оң жақтағы ось)



*) Баға индексі доллардың ай сайынғы бағасының 2 есе өзгеруі іріктелген елдер бойынша біріктірілмеген деректердің СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде қалыптасқан.
Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері


2011 жылдан бастап ҚР-да теледидарлардың импорттық баға индексі ҚР нарығында 90%-дан астам үлеспен басым болып отырған РФ-дан теледидарлар жеткізілімдерінен қалыптасқан абсолюттік бағаның 3-квартилінің жоғарғы баға көлемінің динамикасын қайталайды (16-сурет).

16-сурет. Статистикада квартильдер бойынша нақты көлемі тоннамен берілген ҚР-дағы теледидарлардың импорттық бағасының динамикасы және баға индексі* (оң жақтағы ось)



*) Баға индексі доллардың ай сайынғы бағасының 2 есе өзгеруі іріктелген елдер бойынша біріктірілмеген деректердің СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде қалыптасқан.
Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

17-сурет. 2020-2021 жылдардағы кезең үшін статистикада квартильдер бойынша нақты көлемі тоннамен берілген ҚР-дағы теледидарлардың импорттық бағасының динамикасы және баға индексі* (оң жақтағы ось)




*) Баға индексі доллардың ай сайынғы бағасының 2 есе өзгеруі іріктелген елдер бойынша біріктірілмеген деректердің СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде қалыптасқан.

Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

РФ-дан ҚР-ға абсолютті бағамен теледидар импорты бойынша ҚР бастапқы статистикалық деректерінде бағаның күрделі өзгеруі байқалады (18-сурет және 7-кесте). Іске асырылған әдіснама шеңберінде баға индексін есептеу кезінде мұндай өзгерістер іріктеліп, әріптес елдермен статистикалық деректерді бірдей салыстыру үшін жеке санатқа шығарылды.

18-сурет. ҚР-ға теледидар импорты, оның ішінде РФ-дан СЭҚТН 10-белгісі 8228722001 деңгейінде және оның бағасы




7-кесте. СЭКТН 8228722001 бойынша РФ-дан ҚР-ға теледидарлардың импорттық бағасы

Көрсеткіш	ақп.2021	сәу.2021	там.2021
тоннасы үшін USD	95 698	11 936	32 765
кг үшін USD	96	12	33
Теледидардың орташа салмағы, кг	20	20	20
данасы үшін USD	1914	239	655
данасы үшін KZT	823 003	102 650	281 779
Бағаның сипаттамасы	Бағаның ауытқуы		Соңғы 4 жылдағы орташа нарықтық бағалар шегінде

Мәселен, Ресейдің теледидар экспорты жөніндегі деректерімен салыстыру 2021 жылғы ақпандағы ҚР статистикалық деректерінің алшақтығын көрсетті (19-сурет).

19-сурет. РФ-дан әкелінетін теледидарлардың экспорттық бағасы




Дереккөзі: ITC, calculations based on Federal Customs Service of Russia statistics.
<https://www.trademap.org/>

Абсолютті бағалардың кuartильдерін есептеуді және баға индекcін ҰСБ деректерімен салыстыруды ескере отырып, ҚР-дағы теледидарлар импортын талдауды мысалға ала отырып, баға индекcін тексеруді қорытындылай келе, алшақтық орындарындағы және бағаның күрделі өзгеру орындарындағы бағаны іріктеу арқылы, Фишердің тізбекті формуласын пайдалана отырып, баға индекcін есептеу әдістемесін қолдану баға индекcінің түсінікті динамикасын береді деп қорытынды жасауға болады.

4.6. ҚР мұздатылған сиыр етінің импортын талдауды мысалға ала отырып, баға индекcін тексеру


Соңғы 20 жылда Қазақстан сиыр етін нетто-импорттаушы болып табылады, ал 2001-2020 жылдары ҚР-дан сиыр еті экспортының көлемі 1996-2000 жылдардағы деңгейге жеткен жоқ. Негізінен мұздатылған сиыр еті импортталады (70%), ал салқындатылған ет экспортқа шығарылады (70%), (20-суретті қараңыз). ҚР-да 2010 жылға дейін ЭЫДҰ елдері (Польша, Австралия) және Латын Америкасы (Аргентина, Бразилия) негізгі ет жеткізушілер болды, ал 2011 жылдан бастап Беларусь, Украина, Ресей сияқты ТМД елдері жеткізушілердің көшбасшысы болды (21 және 22-суреттер).

20-сурет. ҚР сиыр еті бойынша тауар айналымы




Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

21-сурет. Аймақтар/ҚР сиыр етін жеткізуші елдер (тоңазытылған СЭҚТН 0201 және мұздатылған СЭҚТН 0202)



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері


22-сурет. ҚР сиыр етін жеткізуші 10 үздік ел



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

Импорттық құн индекстері мен мұздатылған сиыр етін жеткізудің нақты көлемінің индекстері бірдей үрдіске ие. Жеткізілімдердің ең жоғары көлемі теңге бағамы бекітілген 2010-2014 жылдардағы кезеңге келді. Теңге бағамы еркін өзгермелі болғаннан кейін импортты нақты жеткізу көлемі төмендеп, ал бағалар өсе бастады (23 және 24-суреттер).


23-сурет. ҚР-дағы мұздатылған сиыр еті импортының USD-мен индекстері* (2013 жылғы желт. базаға)



*) Баға индексі доллардың ай сайынғы бағасының 2 есе өзгеруі іріктелген елдер бойынша біріктірілмеген деректердің СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде қалыптасқан.

Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

24-сурет. ҚР-дағы мұздатылған сиыр еті импортының теңгемен индекстері * (2013 жылғы желт. базаға)




*) Баға индексі доллардың ай сайынғы бағасының 2 есе өзгеруі іріктелген елдер бойынша біріктірілмеген деректердің СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде қалыптасқан.

Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

Құрылған баға индексінің нәтижелілігін тексеру мақсатында мұздатылған сиыр етінің импорттық баға индексі 2010-2020 жылдардағы кезеңдегі ҰСБ деректері бойынша жалпы сиыр етінің ішкі бағасымен салыстырылды, мұнда жеткізілімнің негізгі көлемі байқалады. Мәселен, ҰСБ деректері бойынша сиыр етінің ішкі бағасы АҚШ долларына конвертацияланды және ҰСБ бағасының индексі қалыптасты. Индекстер үрдістердің бірдей бағыттары мен ауытқуларын көрсетеді (25-сурет).

Жалпы, ҰСБ қорларын пайдалану балансына сәйкес ҚР-да етті ішкі тұтыну ішкі өндіріспен қамтамасыз етілген (90%-дан астам) және сиыр етінің импорттық бағасының ішкі бағаға әсері шамалы. Қызыл ет қоры болатын тірі ірі қара мал басының тауар айналымы айтарлықтай әсер етеді.

25-сурет. ҚР мұздатылған сиыр етінің USD-мен импорттық бағасының индексі * және сиыр етінің USD-мен ішкі бағасының индексі (2013 жел. базаға)




*) Баға индексі доллардың ай сайынғы бағасының 2 есе өзгеруі іріктелген елдер бойынша біріктірілмеген деректердің СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде қалыптасқан.

Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

Тұрақты жеткізілімдер кезеңінде квартильдер бойынша мұздатылған сиыр етіне импорттық бағалардың динамикасы және сиыр етіне ішкі бағалардың динамикасы, сондай-ақ елдер бойынша біріктірілмеген деректердің СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде есептелген баға индекстері өзара байланысты болады (26-сурет). Бұл Фишердің тізбекті индексі әдіснамасының тиімділігін растайды.

26-сурет. 2013-2021 жылдар кезеңіндегі квартильдер бойынша мұздатылған сиыр етінің импорттық бағаларының динамикасы, ҰСБ деректері және баға индексі* (оң жақтағы ось)




*) Баға индексі доллардың ай сайынғы бағасының 2 есе өзгеруі іріктелген елдер бойынша біріктірілмеген деректердің СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде қалыптасқан.

Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

Мұздатылған сиыр етінің коммерциялық импорты 2010 жылдан басталды. Жеткізілімдердің тұрақты болмауына байланысты 2010 жылға дейін импорт ағындарының көлемі төмен болған кезеңдерде баға индексінің динамикасы тұрақсыз болды (27-сурет), ал импорт құнының динамикасы негізінен жеткізілімдердің нақты көлемінің индексімен түсіндіріледі (23-суретті қараңыз).

27-сурет. Квартильдер бойынша мұздатылған сиыр етінің импорттық бағаларының динамикасы, сиыр етінің ішкі бағасының динамикасы және баға индексі* (оң жақтағы ось), логарифмдік шкала



*) Баға индексі доллардың ай сайынғы бағасының 2 есе өзгеруі іріктелген елдер бойынша біріктірілмеген деректердің СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде қалыптасқан.

Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері


Нәтижесінде, тұрақсыз жеткізілімдермен жекелеген тауар позицияларының құндық көлемінің үлес салмағының төмен болуына байланысты сауда ағынында кең тауар қоржынын қарау кезінде олардың тұрақсыз баға индексі жалпы баға индексіне реттеледі. Бұл алшақтық орындарындағы және бағаның күрделі өзгеру орындарындағы бағаны іріктей отырып, Фишердің тізбекті индексінің әдіснамасын пайдаланып, бағалар индексі есептеу әдіснамасын қолданған кезде болады.

5. Сыртқы сауда бағаларының индекстерін талдау

5.1. ҚР төлем балансының ағымдағы шотын талдау


Қазақстан төлем балансының ағымдағы шотының үрдісі көбінесе сауда балансының динамикасымен айқындалады (28 және 29-суреттерді қараңыз). Сауда балансының динамикасы шикізат экспортының, мұнайдың және биржалық тауарлардың құндық көлеміне байланысты. Экспорттан түсетін валюталық түсім көлемі импорт көлемін ынталандырады. Бұл ретте, экспорт пен импорт динамикасының ауытқуы қайталанып тұрады.

28-сурет. Негізгі баптар бойынша Қазақстан төлем балансының ағымдағы шоты



Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

29-сурет. ҚР төлем балансының ағымдағы шотының негізгі баптарының балансы




Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

Өндіріс құралдары мен аралық тауарлар импорты көлемінің динамикасы мұнай және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде импорттық сатып алуға байланысты. Импорттық сатып алу теңге бағамының нығайған және оның тұрақтанған кезеңдерінде басталады.

Сонымен бірге, мұнай бағасы басты рөл атқаратын, іргелі факторлар, валютаға сұраныс пен ұсыныс арқылы айқындалатын айырбастау бағамы сол сәтте импорттық бағалар арқылы импорттың құндық көлеміне жанама әсер етеді (30-сурет).

30-сурет. ҚР импорты, теңге бағамының және мұнай бағасының индекстері (оң жақтағы ось) (2013 жылғы 4-тоқсан базасына)




Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

90%-дан астам өңделген тауарлардан тұратын әртараптандырылған импорттың нақты жеткізілімдері валюталық ауытқуларға сезімтал. Шикізатқа жатпайтын экспорттың дайын тауарларының нақты көлемі де айырбастау бағамына тәуелді, теңгенің нығаюы олардың баға жағынан бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.


Импорт бағаларына әсер ететін айырбас бағамы импорт көлемінің өзгеруіне ғана емес, импорттың тауар қоржыны сапасының өзгеруіне де алып келеді. Кейбір жеткізушілердің қымбат тауарлары басқа жеткізушілердің қолжетімді бағадағы тауарларынымен алмастырылады. Ұзақ мерзімді кезеңде бұл тауарларды жеткізуші елдердің үлестерін қайта бөлуге апарады (31 және 32-суреттер). Импорт көлеміне логистика және Қазақстан нарығына кіру талаптары, тарифтік және тарифсіз кедергілер де әсер етеді.

31-сурет. Қытайдың Қазақстан импортындағы үлесі 20 жылда 3%-дан 20%-ға дейін өсті



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

32-сурет. Аймақтар (елдер) бөлінісінде ҚР импортының динамикасы



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері


Осылайша, нарықтық құбылмалы айырбастау бағамы ағымдағы шоттың динамикасына жанама әсер ететін тұрақтандырушы фактор болып табылады.

Негізгі тауар топтары мен елдері бөлінісінде экспорттық және импорттық бағаларды талдау келесі бөлімдерде сипатталған.

5.2. ҚР экспорттық бағаларын талдау


ҚР экспорт құны нақты жеткізілім көлеміне қарағанда көбінесе баға факторына байланысты. Экспорттық әртараптандырудың төмен болуына байланысты экспорттық жеткізілімдердің нақты көлемінің индексі неғұрлым тұрақты (33-суретті қараңыз). Мұнай бағасының құбылмалылығы экспорттық бағалардың динамикасына әсер етеді, ҚР экспорт құнының индексі мұнайдың әлемдік бағасымен байланысты (34-сурет). ҚР мұнайының экспорттық кедендік бағасының индексі мен мұнайдың әлемдік бағасы арасында 1-3 ай аралығымен лаг байқалады (35-сурет).

33-сурет. ҚР экспорт индексі (2013 жылғы желтоқсандағы базаға қатысты)




Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері

34-сурет. ҚР экспорт индексі және мұнайдың әлемдік баға индексі (өткен жылдың тиісті кезеңіне сәйкес келетін кезең)



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері


35-сурет. ҚР экспорттық бағалары және мұнайдың әлемдік бағасы (өткен жылдың тиісті кезеңіне сәйкес келетін кезең)



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері

Дайын тауарлар экспортының құны нақты жеткізілім көлеміне көбірек байланысты, ал дайын тауарлардың экспорттық бағасы аз құбылмалы. Алайда дайын тауарлардың экспорт құрылымындағы үлесі (8%) төмен болғандықтан, ҚР жалпы экспортының қорытынды баға факторына әсері шамалы.

36-сурет. Дайын тауарлар экспортының индексі (2013 жылғы желтоқсандағы базаға қатысты)




Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері

5.3. ҚР импорттық бағаларын талдау

ҚР импорт құны импорттық бағаларға қарағанда нақты жеткізілімдер көлеміне көбірек байланысты. Импорт бағасының индекстері аз құбылмалы, бұл импорт құрылымының жоғары әртараптандырылуымен түсіндіріледі (37-сурет). АҚШ долларындағы импорттық бағалардың өсу үрдісі байқалады, ал негізінен теңгенің аса бағаланған бағамы кезеңінде (1998-1999, 2008, 2015 жылдар) төмендейді.


37-сурет. ҚР НТАБ және импорт индекстері (2013 жылғы желтоқсандағы базаға қатысты)



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері


Құндық импорт индексінің динамикасы жеткізуші елдер құрылымында өзгеріс болып жатқанын көрсетті (38-сурет). Қытайдан азық-түлікке жатпайтын тұтыну тауарлары импортының өсуі аясында мұндай тауарлардың Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD) елдерінен импорты төмендейді, бұл ретте Ресейден импортың жоғары үлесі сақталуда (39 және 40-суреттер).

38-сурет. Аймақтар (елдер) бөлінісінде ҚР USD құндық импортының индексі (2013 жылғы желтоқсандағы базаға қатысты)




Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері

39-сурет. Аймақтар (елдер) бөлінісінде ҚР-дағы азық-түлікке жатпайтын тұтыну тауарларының импорты



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері


40-сурет. ҚР азық-түлік емес тұтыну тауарлары импортының динамикасы аймақтар (елдер) бөлінісінде



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері


Жеткізуші елдерден келетін импорттық қоржынның сапасы өзгеруде. Егер 90-шы жылдары Қытайдан сапасы төмен және арзан тауарлар әкелінсе, қазір компьютерлік технологиялар мен ұялы телефондар сияқты жоғары технологиялық және қымбат тауарлар жеткізілуде. Мәселен, озық компаниялар өз өндірісін Қытайда орналастыра отырып, әлемге сапалы және қол жетімді тауарларды жеткізе бастады. Нәтижесінде Қытайдан келетін тауарлардың импорттық бағалары индексінің өсуі байқалады (41 және 42-суреттер), ол жеткізілімдердің нақты көлемінің төмендеуін өтейді (43-сурет).

41-сурет. Аймақтар (елдер) бөлінісінде USD импорттық бағаларының индексі (2013 жылғы желтоқсандағы базаға қатысты)




Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері

42-сурет. Аймақтар (елдер) бөлінісінде импорттық бағалар индексі теңгемен (2013 жылғы желтоқсандағы базаға қатысты)



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері

43-сурет. Аймақтар (елдер) бойынша импорттың нақты көлемінің индекстері (2013 жылғы желтоқсандағы базаға қатысты)




Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері

Тауар топтары бөлінісінде соңғы 5 жылда импорттың негізгі үлесі тиесілі тауар санаттары бойынша импорттық бағалар өсуде, атап айтқанда, аралық тауарлар (2016-2020 жылдар кезеңінде орта есеппен 50,4%), өндіріс құралдары (23,5%) және азық-түлікке жатпайтын тұтыну тауарлары (17,8%).


Бұған азық-түлік тұтыну тауарларының бағасы кірмейді, оларда төмендеу байқалады (44-сурет). Алайда олардың үлесі 8,3%-ды ғана құрайды, бұл тауарлардың негізгі жеткізушілері – ТМД елдері (70%). Бұл ретте азық-түлік тұтыну тауарларының нақты жеткізілімдерінің өсуі байқалады (45-сурет).

44-сурет. Тауар топтары бөлінісінде USD импорттық баға индексі (2013 жылғы желтоқсандағы базаға қатысты)



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері


45-сурет. Тауар топтары бөлінісінде импорттың нақты көлемінің индексі (2013 жылғы желтоқсандағы базаға қатысты)



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері


Инфляциямен өзара байланысты талдау үшін тауар топтары бөлінісінде теңгедегі импорттық баға индекстері қосымша есептелді. Талдау девальвация кезеңінде бағаның өсуін көрсетті. Инфляцияның тұтынушылық және аралық тауарлар бойынша импорттық баға индекстерімен неғұрлым жоғары байланысы байқалады. Инфляция өндіріс құралдарымен аз дәрежеде байланысады (46 және 47-суреттер).

46-сурет. Тауар топтары бөлінісінде теңгедегі импорттық бағалар индексі және тұтыну бағаларының индексі (өткен жылдың тиісті кезеңіне сәйкес келетін кезең)



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері


47-сурет. Тұтыну тауарлары бойынша теңгедегі импорттық бағалар индексі және тұтыну бағаларының индексі (өткен жылдың тиісті кезеңіне сәйкес келетін кезең)



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері


48 және 49-суреттерде жылдан жылға импорт индекстері теңгемен және валютамен келтірілген. Мәселен, 2020 жылы теңгемен импорттық бағалар 2019 жылмен салыстырғанда 6,72%-ға өсті, ал АҚШ долларымен импорттық бағалар 1,07%-ға төмендеді.

48-сурет. Теңгемен импорттық бағалар индексі (өткен жылдың тиісті кезеңіне сәйкес келетін кезең)



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері

49-сурет. USD импорттық бағалар индексі (өткен жылдың тиісті кезеңіне сәйкес келетін кезең)



Дереккөзі: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептеулері

6. Қорытынды

Зерттеу шеңберінде бағалардың құбылмалылығына әсер ететін және тауарлардың сыртқы сауда ағындарының тұрақсыздануына әкелетін факторларға талдау жүргізілді; ағымдағы шот пен айырбастау бағамының өзара байланысына, импорттың айырбастау бағамына икемділігін бағалауды қоса алғанда, талдау жүзеге асырылды.

Осылайша, Қазақстанның төлем балансының ағымдағы шотының тренді сауда балансының динамикасымен айқындалады, ол өз кезегінде шикізат экспортының құндық көлеміне, мұнай мен биржалық тауарлар бағасына көбірек тәуелді болады. Экспорттан түсетін валюталық түсім көлемі импорт көлемін ынталандырады. Бұл ретте экспорт пен импорт динамикасының ауытқуы циклдік болып табылады.

Өндіріс құралдары мен аралық тауарлар импорты көлемінің динамикасы мұнай және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде импорттық сатып алуға байланысты. Импорттық сатып алуға бастамашылық жасау теңге бағамының нығайған және оның тұрақтанған кезеңдерінде орын алады.

90%-дан астам өңделген тауарлардан тұратын әртараптандырылған импорттың нақты жеткізілімдері валюталық ауытқуларға сезімтал. Шикізатқа жатпайтын экспорттың дайын тауарларының нақты көлемі де айырбастау бағамына тәуелді, теңгенің нығаюы олардың бағалық бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Импорт бағаларына әсер ететін айырбастау бағамы импорт көлемінің өзгеруіне ғана емес, импорттық тауар қоржыны сапасының өзгеруіне де алып келеді. Кейбір жеткізушілердің қымбат тауарлары басқа жеткізушілердің қол жетімді тауарларымен алмастырылуда. Ұзақ мерзімді кезеңде бұл тауарларды жеткізуші елдердің үлестерін қайта бөлуге әкеледі. Импорт көлеміне логистика және Қазақстан нарығына қолжетімділік талаптары, тарифтік және тарифтік емес кедергілер де әсер етеді. Соңғы екі жылда Қазақстанның және әріптес елдердің сыртқы саудасын айқындайтын негізгі факторлар негізінен іргелі факторлар емес, әлемдегі санитариялық-эпидемиологиялық және геосаяси жағдай болып табылады.

Негізгі тауар топтары мен жеткізуші елдер бөлінісінде импорттық бағаларды талдау импорттың айырбастау бағамына икемділігіне объективті баға алуға мүмкіндік берді. Экспорттық және импорттық бағалардың құбылмалылығын зерттеу нарықтық құбылмалы айырбастау бағамы шикізатқа жатпайтын және тұтыну тауарларына бағалардың өзгеруі арқылы ағымдағы шоттың динамикасына жанама әсер ететін тұрақтандырушы фактор болып табылатынын көрсетті.

Зерттеу мақсаттарына қол жеткізу үшін ҚР сыртқы сауда статистикасы бойынша талдамалық құралдар әзірленді және іске асырылды.

Бірінші кезеңде деректерді жинау және құрастыру жүзеге асырылып, *ҚР сыртқы саудасы бойынша жаңа икемді талдау құралы*, «Қазақстанның сыртқы саудасының деректер базасының кубигі: Ver 2.2021» әзірленді.

Екінші кезеңде ХВҚ «Export and Import Price Index Manual» (ХМПИ, 2009) нұсқаулығының негізгі қағидаттарына негізделген *сыртқы сауда бағалары индексі құру әдістемесі әзірленді және сипатталды*. Фишер формуласын қолдана отырып, бағалардың ай сайынғы тізбекті өзгерістерін есептеу арқылы, үзілу нүктелеріндегі және бағалардың экстремалды шығарылу нүктелеріндегі бағаларды белгілеу арқылы баға индексі құрудың осы әдіснамасы барабар нәтижелер беретін қолжетімді шешім болып табылатынын растайтын факторлар айқындалды.

Әдіснамалық жұмыстар шеңберінде:

1. Сыртқы сауда жеткізілімдерінің статистикалық қатарындағы алшақтықтар деңгейі талданды және экспорт және импорт бағаларының тізбекті индексі құру әдіснамасына сенім деңгейін айқындайтын үздіксіз деректер аралығының статистикасы дайындалды;

2. Ай сайынғы долларлық бағалардың күрделі өзгерістері 2, 5 және/немесе 10 есе көп немесе аз сауда ағындары анықталды. Мұндай бағаның күрделі өзгерістері статистикалық

деректерді сауда әріптестері елдерімен бірдей етіп салыстыру аясында жұмыс істеуге негіз болады және деректердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Үшінші кезеңде деректерді біріктірудің және кезеңді қамтудың әртүрлі деңгейлерінде *ҚР сыртқы сауда бағаларының ай сайынғы индекстерін құрудың екі моделі іске асырылды. Бірінші модель* ай сайынғы көрсеткіштердің ең жоғары кезеңін қамтитын елдер бойынша біріктірілген деректердің СЭҚТН 6-белгісі деңгейінде іске асырылды. *Екінші модель* елдер бойынша біріктірілмеген деректердің СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде іске асырылды. Модельді пайдалануды таңдау тәптіштеу деңгейі мен кезеңді қамту бойынша іріктеме пайдаланылатын қойылған міндеттерге байланысты. Сыртқы сауда бағаларының индекстерін есептеудің модельдерінің жасалуы оларды қолда бар көрсеткіштер мен туынды жіктеуіштер бойынша итерациялауға мүмкіндік береді.

Қаралып отырған 1995-2021 жылдардағы кезеңде сыртқы сауда деректерінің массиві 200-ден астам сауда әріптес елдер бойынша сауда ағындарын қамтиды және 25 мыңнан астам тауарлық кіші қосалқы позициялар бойынша жіктеу өзгерістерін қамтиды, олардың кейбіреулері бойынша физикалық көлемдердің өлшем бірліктерінде өзгерістер болды.

Нәтижесінде, зерттеу шеңберінде қаржылық шығындарды талап етпейтін жедел әкімшілендірумен сыртқы сауда бағаларының индекстері бойынша талдамалық құрал іске асырылды. Бұл құрал сыртқы сауда бағаларының трендтерін бағалауға мүмкіндік берді.

Осы зерттеудің құндылығы болып табылатын сыртқы сауда бағалары индексінің құралы талдамалық материалдарды дайындауға және осы салада одан әрі зерттеулерге бастамашылық етуге мүмкіндік береді. Бұл сарапшылар қауымдастығынан кері байланыс алуға, пайдаланылған әдіснама бойынша құралдардың мүмкіндіктерін сынақтан өткізуге мүмкіндік береді және Қазақстанның сыртқы сауда мәселелері бойынша бірқатар мақалаларды жариялауға ықпал ететін болады.


Дереккөздер және әдебиет

1. Кең экономикалық санаттар бойынша жіктеу (КЭС), БҰҰ Статистикалық комиссиясы, 2002;
2. «Export and Import Price Index Manual» ХВҚ басшылығы, (ХМПИ), 2009;
3. ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің интернет-ресурсы. Сыртқы сауданың статистикалық деректері (<http://kgd.gov.kz>);
4. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсы. Өзара сауданың статистикалық деректері (<http://stat.gov.kz>);
5. Түрлендіру әдіснамасына жалпы ескертпе, UN Comtrade, 2007. <https://unstats.un.org/unsd/classifications/econ/>.

1. 1995 жылғы қаңтар – 2021 жылғы тамыз аралығындағы кезеңде ҚР-да мұздатылған сиыр етінің импорты бойынша аралық статистикасы


Статистикалық ағын бойынша 1995-2021 жылдар кезеңінде ҚР-да мұздатылған сиыр етінің (СЭҚТН 0202) импорты бағасының индексін есептеу кезінде елдер бойынша СЭҚТН 10-белгісінің ең жоғары қолжетімді біріктірілмеген деңгейінде нақты көлемі бойынша өлшем бірліктеріне бөлгенде мынадай деректер бар:	
1)	358 бірлік (құрылым) – қарастырылып отырған кезеңде нақты импорттық ағынды біріктіру жолымен алынған CODE_TNVED, ID_COUNTRY, ID_MEASURE үш белгі бойынша бірегей позициялардың саны. (Бұл ретте СЭҚТН 10-белгісінің 56 коды, 48 ел және 1 өлшем бірлігі қамтылған).
2)	114 560 бірлік (массив) – 358 бірлік x 320 ай (1995 жылғы қаңтар – 2021 жылғы тамыз аралығы) жолымен алынған, төртінші белгі – уақытты ескере отырып, қарастырылып отырған кезеңдегі орындар саны.
3)	3 418 бірлік (факт) – барлық төрт белгі бойынша мұздатылған сиыр еті импортының нақты деректері бар орындар саны.

1.1-сурет. ҚР-ға мұздатылған сиыр етінің импорты және сол жақтағы алшақтық орындарындағы құны



Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

1.2-сурет. ҚР-ға мұздатылған сиыр етінің импорты, 12 айлық құбылмалы кезең үшін сол жақтағы алшақтық орындарындағы құны



Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері


1.1-кесте. 1995-2021 жылдар аралығында ҚР-ға мұздатылған сиыр етінің импорты бойынша аралық статистикасы

Аралығы	Орындар, бірлік саны	Құны, млн. АҚШ долл.	жалпы құнның үлесі
1 ай	973	58,8	10,3%
2 ай	438	42,4	7,4%
3-4	578	79,2	13,9%
5-8	452	75,7	13,3%
9-16	293	57,5	10,1%
17-32	183	50,4	8,8%
33-64	501	206,1	36,1%
Жиынтығы ҚР-дағы сиыр етінің импорты	3418	570,0	100,0%

Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері


1.3-сурет

Орындар, бірлік саны




1.4-сурет

Құны, млн. USD



Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

1.5-сурет. 12 айлық құбылмалы кезең үшін аралық ұзындығы бойынша үздіксіз бақылаулар бөлінісінде ҚР-дағы мұздатылған сиыр етінің құндық импорты




Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

2. 1995 жылғы қаңтар – 2021 жылғы тамыз аралығындағы кезең үшін ҚР барлық импорты бойынша СЭҚТН 6-белгісі деңгейіндегі аралығының статистикасы


Статистикалық ағын бойынша 1995-2021 жылдар кезеңінде ҚР-дағы барлық импорттың баға индексін есептеу кезінде нақты көлемдер бойынша өлшем бірліктеріне бөлгенде СЭҚТН 6-белгісінің деңгейінде мынадай деректер бар:	
1)	8 009 бірлік (құрылым) – қарастырылып отырған кезеңде нақты импорттық ағынды біріктіру жолымен алынған CODE_06, ID_MEASURE екі белгі бойынша бірегей позициялардың саны. (Бұл ретте СЭҚТН 6-белгісінің 7 085 коды және 24 өлшем бірлігі қамтылған).
2)	2 562 880 бірлік (массив) – 8 009 бірлік x 320 ай (1995 жылғы қаңтар – 2021 жылғы тамыз аралығы) жолымен алынған, үшінші белгі – уақытты ескере отырып, қарастырылып отырған кезеңдегі орындар саны.
3)	1 087 747 бірлік (факт) – барлық үш белгі бойынша ҚР импортының нақты деректері бар орындар саны.

2.1-сурет. Барлығы ҚР Импорты (6HS) және сол жақтан алшақтық орындарындағы құны



Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

2.2-сурет. Барлығы ҚР Импорты (6HS) және 12 айлық құбылмалы кезең үшін сол жақтан алшақтық орындарындағы құны



Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

2.1-кесте. 1995-2021жж. кезең үшін ҚР импорты бойынша аралық статистикасы (6HS)

Аралығы	Орындар, мың бірлік саны	Құны, млрд. АҚШ долл.	жалпы құнның үлесі
1 ай	69,9	6,3	1,0%
2 ай	48,1	5,2	0,8%
3-4	62,7	7,6	1,2%
5-8	73,0	10,8	1,7%
9-16	74,1	12,0	1,9%
17-32	67,1	19,8	3,2%
33-64	79,3	25,1	4,0%
65-128	115,4	68,9	11,0%
129-256	364,0	312,0	49,8%
>256 ай	134,2	159,1	25,4%
Жиынтығы ҚР импорты	1 087,7	626,9	100,0%

Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

2.3-сурет




2.4-сурет



Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

2.5-сурет. Аралық ұзындығы бойынша үздіксіз бақылау бөлінісінде ҚР құндық импорты (6HS), 12 айлық құбылмалы кезең үшін




Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

3. 2019 жылғы қаңтар – 2021 жылғы тамыз аралығындағы кезең үшін елдер бойынша біріктірілмеген СЭҚТН 10-белгісі деңгейінде ҚР барлық импорты бойынша аралық статистикасы

Статистикалық ағын бойынша 2019-2021 жылдар кезеңінде ҚР-дағы барлық импорттың баға индекcін есептеу кезінде елдер бойынша СЭҚТН 10-белгісінің ең жоғары қолжетімді біріктірілмеген деңгейінде нақты көлемдері бойынша өлшем бірліктеріне бөлгенде мынадай деректер бар:


- 1) 113 175 бірлік (құрылым) – қарастырылып отырған кезеңде нақты импорттық ағынды біріктіру жолымен алынған CODE_TNVED, ID_COUNTRY, ID_MEASURE үш белгілері бойынша бірегей позициялардың саны. (Бұл ретте СЭҚТН 10-белгісінің 10536 коды, 206 ел және 20 өлшем бірлігі қамтылды).
- 2) 3 621 600 бірлік (массив) – 113 175 бірлік x 32 ай (2019 жылғы қаңтар – 2021 жылғы тамыз аралығы) жолымен алынған, төртінші белгі – уақытты ескере отырып, қарастырылып отырған кезеңдегі орындар саны.
- 3) 1 029 421 бірлік (факт) – барлық төрт белгі бойынша ҚР барлық импортының нақты деректері бар орындар саны.

3.1-сурет. ҚР-ның барлық импорты (10HS by country) және сол жақтағы алшақтық орындарындағы құны



Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

3.2-сурет. ҚР-ның барлық импорты (10 HS by country) және 12 айлық құбылмалы кезең үшін сол жақтағы алшақтық орындарындағы құны




Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

3.1-кесте. 2019-2021 жылдар аралығындағы кезеңде ҚР импорты бойынша аралық статистикасы (10HS by Country)

Аралығы	Орындар, мың бірлік саны	Құны, млрд. АҚШ долл.	жалпы құнның үлесі
1 ай	231,2	8,2	7,9%
2 ай	107,7	3,8	3,7%
3-4	114,0	6,8	6,5%
5-8	118,6	9,1	8,8%
9-16	128,0	9,3	9,0%
17-32	330,0	66,8	64,2%
Жиынтығы ҚР импорты	1 029,4	104,0	100,0%

Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

3.3-сурет




3.4-сурет




Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

3.5-сурет. Аралық ұзындығы бойынша үздіксіз бақылау бөлінісінде ҚР құндық импорты (10 HS by country), 12 айлық құбылмалы кезең үшін



Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері

3.6-сурет. Аралық ұзындығы бойынша үздіксіз бақылау бөлінісінде ҚР құндық импорты (10 HS by country)



Дереккөз: ҚР ҚМ МКК және ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша авторлардың есептері